

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ Өзен кенорнында болды

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері іс-сапармен Өзен кенорнында болды. ҚМГ БӨ бас директоры Қ.Есқазисев бастаған компания басшылығы «Өзенмұнайгаз» АҚ басшылығы және басқармалар директорларымен жиын өткізіп, кенорынның бүгінгі мен ертегі туралы және өндіріс көлемін ұлғайтуға қатысты басшылардың ұсыныстары мен пікірлерін тыңлады.



Жиында өндірістің тиімділігін арттыру шаралары, ілеспе суды тазалау, жол қауіпсіздігі, өндірістегі еңбек қауіпсіздігі, компания жұмыскерлерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында мамандарды шетелдерде оқыту, шетелдік компаниялармен өзара тәжірибе алмасу ісін оң жолға қою мәселелері жан-жақты талқыланды.

ҚМГ БӨ Директорлар кеңесінің мүшелері ел экономикасының өркендеуі жолында жемісті еңбек етіп жүрген «Өзенмұнайгаз» АҚ еңбек ұжымына, әріптестеріне қажырлы қызметтері үшін риясыз алғыстарын айтты. Жиыннан соң Өзен кенорнында орналасқан маңызды нысандарды аралап, ішкі жұмыс жүйесімен, мұнайшылардың тұрмыстық жағдайымен танысып, жұмыскерлер үшін жақсы әлеуметтік тұрмыстық жағдай мен жұмысқа қолайлы мүмкіндіктер туғызған компания басшылығына өз ризашылықтарын білдірді.

ҚАЗАҚ ГАЗ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫНА ЖАҢА БАСШЫ САЙЛАНДЫ

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Тулепов Нақберген Аманбайұлы «Қазақ газ өңдеу зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры болып сайланды.

Нақберген Аманбайұлы бұл қызметке дейін «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС-нің бас инженері болып жұмыс істеді.

Нақберген Тулепов Жаңаөзен мұнай техникумын «Мұнай және химия өндірісінде жабдықтарды жөндеу және техникалық қызмет көрсету» мамандығы бойынша, Ақтау политехникалық институтын «Отын және көмірсутек материалдарының химиялық технологиясы» мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын «Өзенмұнайгаз» ӨФ-ның газ өңдеу басқармасының технологиялық қондырғы операторы болып бастаған. Саладағы ұзақ жылғы қызметінде

«ТолқынНефтегаз» ЖШС, «ҚарақұдықМұнай» ЖШС, «КазАзот» ЖШС және «Шағырлы-Шомышты» ЖШС-де жауапты, басшылық буындарда қызмет атқарған.

40 жылдан астам тарихы бар «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС Маңғыстау облысының өндірістік-аумақтық көшенінде өз орны бар іргелі кәсіпорын. Зауыт еліміздің өдеуір бөлігін тұрмыстық сұйытылған газбен, аймақтың тұрғындарын құрғақ бензинмен өңделген газбен және табиғи отынмен және Жаңаөзен қаласының кәсіпорындарын техникалық оттегімен қамтамасыз етеді.

Жаңа басшының қызметіне сәттілік тілейміз!



Бүгінгі санда:

10 ИТ-проектів
«газовой» асли

14 сентябрь 2017 г.

Мұнай және газ өндірісіндегі
«ТолқынНефтегаз» ЖШС, «ҚарақұдықМұнай» ЖШС, «КазАзот» ЖШС және «Шағырлы-Шомышты» ЖШС-де жауапты, басшылық буындарда қызмет атқарған.



IT-жобалар Ресейде
үздік деп танылды

3 >>>



Ұңғымаларды күргелі
жөндеу жұмыстарына
45 жыл!

4-5 >>>

Өзен мұнайшысы үшемнің әжесі болды

Сәбидің шыр етіп дүниеге келуі — әрбір отбасы үшін баға жетпес қуаныш! Өйткені, бала өмірдің сәні, отбасының шаттығы, Алла Тағаланың берген үлкен сыйы. Жақында «Өзенмұнайгаз» АҚ-ға қарасты Технологиялық транспорт басқармасында жүргізуші болып еңбек етіп жүрген әріптесіміз Арман Айтуов Алланың қалауымен үшемнің әжесі атанды.

Кішкентайлардың әжесі Сүйген апа сәбилердің есімдерін Абдурахман, Мұхамедели, Азима деп атағанын айтты. «62 тамырды түгел иітетін нәрестеге жетер не бар бұл жалғанда!» – дейді бақытты әже күлімсіреп. Нәрестелердің анасы Жаңылсын «Қуанышымызда шек жоқ! Дәрігерлер де жиі-жиі тексеріп, қолдарынан келген көмектерін көрсетуде. Тиісті орыннан көмек ретінде балапандарыма тегін сүт де алып отырмыз» дейді. Балалардың алды мектепте оқып жүр. Осылайша, бұл отбасы иелері алты баланың ата-анасы атанды. Расында да отбасының жемісі, жайнап өскен гүлі, алтын тірегі мен діңгегі де, байлығы да – перзент. Бесікте бүгін үлдеп жатқан сәбилер үлкен азамат болып өссін. Бауы берік болсын!



“Бір минутта
жеңіске жет”

6 >>>

Мақсат – кәсіби біліктілікті нығайту

«Кендірлі» демалыс аймағында «ҚазМұнайГаз» БӨАҚ ұйымдастырумен «Өзенмұнайгаз» АҚ Мұнай және газ өндіру департаменті мамандары, МГӨБ инженер-технологтары, геологтар, Скважиналарды жерасты жөндеу цехы шеберлеріне арналған «Ортадан тепкіш электро-сорап қондырғысының жұмыс істеу тәсілі» атты тақырыпта 5 кезеңнен тұратын оқу курсы өткізіліп жатыр.

«Теориялық және практикалық бөлімнен тұратын 5 күндік курсты 15 адамнан тұратын 5 топ оқып шығатын болады. Оқытушымыз Словакиядан келген Роберт Костал өте тәжірибелі, сауатты маман. Ол 15 елде жұмыс жасап, небір ерекше кенорындардың тыныс-тіршілігімен танысып, мол тәжірибе жинақтаған. Мұндай оқу бұрын-соңды компания тарихында болып көрген емес. Маңызды шараны ұйымдастырған «ҚазМұнайГаз» БӨАҚ басшылығына алғыстан басқа айтарымыз жоқ», – деді МжГӨБ департаменті аға инженер-технологы Әсет Қыдырғалиев.

Компания мамандары үшін аса маңызға ие болған оқуға қатысушы №2 МГӨБ №2 Скважиналарды жерасты жөндеу цехының инженер-энергетигі Талғат Масақбаев «Ортадан тепкіш электро-сорап қондырғысы бізге 2014 жылы енгізілген болатын. Бүгінгі өткізіліп жатқан оқу аталмыш қондырғының қолдану тәсілі мен қыр-сырын меңгеруге үйретуде», – деді. Иә, дүниеде жеке адам үшін де, бүкіл қоғам үшін де ең басты әлеуметтік капитал – білім.



«Үздік маман-2017»

Байқау шеберлікті шыңдайды

Қыркүйектің 25-і күні Ақтау қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобының арасында «Үздік маман-2017» атты кәсіби шеберлік байқауы саатанатты түрде ашылды. Байқау биыл Еңбек күніне орайластырылды. Кәсіби шеберлік байқауы 25 және 29 қыркүйек аралығында «ПетроҚазақстан ОйлПродактс» ЖШС (Шымкент қаласы), «Қаражанбасмұнай» АҚ (Манғыстау облысы) және «ҚазТрансОйл» АҚ (оқу-курстық комбинаты, Ақтау қаласы) өндірістік алаңдарында өтеді.



«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның Әлеуметтік саясат департаментінің директоры Еркін Рахымбергенов барлық қатысушыларды байқаудың ашылуымен құттықтап, ізгі тілегін білдірді. Шеберлік байқаулары еңбек адамдарының беделін, жұмысшы кәсібінің абыройын көтереді, корпоративтік рухты нығайтуға септігін тигізеді.

Байқаудың теориялық бөлігі сайысқа қатысушының таңдауы бойынша екі тілде онлайн режимінде компьютерлік тестілеу жолымен ұйымдастырылады. Ал, практикалық бөлігі электр-газ дәнекерлеушілері үшін «ҚазТрансОйл» АҚ-ның оқу-курстық комбинатында өтеді.

Сайыстың қалған кәсіптер бойынша практикалық бөлігі Қаражанбас кен орнының өндірістік алаңдарында болады. «Қаражанбасмұнай» АҚ-ның өндірістік базасында байқау 13 жұмысшы кәсібі бойынша өтеді. Мұнайды қайта өңдейтін кәсіпорындардың жұмысшы кәсіптері бойынша сайыс «ПетроҚазақстан ОйлПродактс» ЖШС-нің өндірістік алаңында өтеді. Дәстүрлі кәсіби шеберлік байқауы жұмысшылардың шеберлігін шыңдауға ықпал етеді.

«ӨзенМұнайСервис» үздіктері анықталды

«ӨзенМұнайСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Үздік маман-2017» кәсіби шеберлік байқауы аясында өз ісінің шеберлерін анықтады. Үміткерлер «Үздік бригада», «Үздік ауысым», «Үздік электрогазбен дәнекерлеуші», «Үздік жүргізуші», «Үздік темір жонушы» аталымдары бойынша сынға түскен болатын.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін байқауға серіктестіктен барлығы 4 бригада, 30-ға жуық қызметкер қатысты. Мамандар бірінші жартыжылдықта атқарған еңбек нәтижесі бойынша бағаланды. «Үздік ауысым» аталымы бойынша бақ сынаған үміткерлердің алты айлық жұмысымен қатар арнайы жасақталған тест нәтижелері де есепке алынды.

Байқау талаптарына сәйкес байқаудың «Үздік бригада» аталымына ӨМС 33-бригада, ӨМС 4-бригада және ӨМС 20-бригадалары лайық деп танылды. Бірінші жартыжылдық көрсеткіштері бойынша «Үздік ауысым» аталымын №4 цехқа қарасты ӨМС 44-бригададағы Н.Бекназаровтың ауысымы, №2 цехқа қарасты ӨМС 19-бригададағы бұрғышы К.Мурзалиевтің ауысымы мен №1 цехқа қарасты ӨМС 35-бригада бұрғышысы Ж.Бекболатовтың бастаған ауысымы жеңімпаз болды.



Жеке қатысушылардан «Үздік электрогазбен дәнекерлеуші» аталымы бойынша Б.Инербаев үздік атанды. Байқаудың төртінші аталымы «Үздік теміржонушы» атағы М.Ондағановқа берілсе, «Үздік жүргізуші» аталымын А.Қисықбаев жеңіп алды.

Кәсіби шеберлік байқауы бойынша үздік деп танылған ауысымдар мен бригадалар, жеке қатысушылар «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компания» акционерлік қоғамы еншілес мекемелер арасындағы «Үздік маман-2017» байқауында «ӨзенМұнайСервис» ЖШС намысын қорғауда.

ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ! Скажем коррупции СТОП!

АО «РД «КМГ» в рамках совершенствования корпоративных политик в области противодействия коррупции, внедрило «горячую линию», доступ к которой доступен 24 часа в сутки, 7 дней в неделю посредством электронной почты

report@seehearspeakup.co.uk

или на сайте

www.seehearspeakup.co.uk/ru/file-a-report,

также позвонив на следующие телефонные номера (звонок бесплатный):

для русскоговорящих:

8 800 333 3574

для казахскоговорящих

8 800 333 4233

для англоговорящих

8 800 333 4244

Обращения, в том числе анонимные, поступающие на «горячую линию», рассматриваются Службой внутреннего аудита АО РД КМГ, иными структурными подразделениями, либо рабочими группами, обеспечивая надлежащий уровень независимости и объективности.

По поступившим в текущем году обращениям проведена соответствующая работа и приняты необходимые меры реагирования.

Сотрудникам гарантируется
анонимность и
конфиденциальность.

ТАМЫЗ АЙЫНДА МҰНАЙ ӨНДІРУ ЖОСПАРЫ ҚАЛАЙ ОРЫНДАЛДЫ?

«Ембімұнайгаз» АҚ



100,2%

«Өзенмұнайгаз» АҚ



91,1%

«ҚазГерМұнай» БК» ЖШС



109,3%

«Қаражанбасмұнай» АҚ



100,7%

«Петро Қазақстан Инк.» АҚ



101,8%

Газ конденсаты: «ҚазГӨЗ» ЖШС



100,2%

Ембімұнайгаз полимерлік суландыру жобасын кеңейтуде



Өндірістік бағдарламаны жоспарлаған сәтте, «Ембімұнайгаз» АҚ мұнай өндіру көлемін арттыруға ықпал ететін жаңа техникалар мен технологияларды енгізуге ерекше маңыз беріп отырады. Сондай жаңа технологиялардың бірі – полимерлік суландыру жобасы. Ембі кеніштеріне зерттеу жасау нәтижесінде бастапқыда Забурын, Шығыс Молдабек және Қарсақ кен алаңдары таңдап алынып, бұл кен орындарында полимерлік суландырудың пилоттық жобасы үшін бірнеше учаскеден бөлінген еді. Осы зерттеу жұмыстары нәтижесінде «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Забурын кенішінде мұнай беру көлемін арттыру мақсатында полимерлік суландыру қондырғысы іске қосылды. Аталған жобаны іске асыру жұмыстары 2014 жылы жабысқақ мұнайлы кен орындарынан «қара алтынды» өндіруді тұрақтандыру мақсатында басталды.



Қазіргі таңда полимерлік ерітіндіні екі ұңғымаға айдау нәтижесінде полимерлік суландыру аумағында тұрақты өнім беруге қол жеткізілді. Алынған қорытындылар «ҚазМұнайГаз» өндіру

және бұрғылау технологиялары ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-мен расталып, полимерлік суландыру жобасын кеңейту шешімі қабылданды. Ал, Забурын кенішінің негізгі аумағын толық қамту

мақсатында су айдау ұңғымаларының саны енді 6-ға дейін өсті.

– Полимерлік суландыру технологиясын қосымша 4 ұңғымаға енгізу кен алаңында өнім беру деңгейін сақтауға мүмкіндік береді. Алдағы уақытта аталған жоба базасында бұл технологияны өзге де кен алаңдарына таратуды жоспарлап отырмыз. Сол арқылы жабысқақ мұнайды өзірлеу мәселелерін шешу, мұнай алу коэффициентін арттыру және кен орындарын пайдалануға берудің экономикалық тиімділігін ұзартуға мүмкіндік алуды көздеп отырмыз, – деп атап өтті жобаны кеңейтуге арналған салтанатты шарада ЕМГ кен орындарын игеру жөніндегі басқарушы директоры Қ.Қасымғалиев. Полимерлік суландыру жобасы ЕМГ, «Каспиймұнайгаз» ҒЗИ» ЖШС, «Ал-Строн» ЖШС мамандарымен бірлесе атқарылып отыр. Жобаның көздегені де полимерлік су айдау арқылы мұнай өндіру көлемін арттыру.

IT-жобалар Ресейде үздік деп танылды

Осы жылдың 14 қыркүйегінде Ресей Федерациясының Санкт-Петербург қаласындағы А.С.Попов атындағы орталық байланыс музейінде «Мұнай-газ саласына арналған үздік 10 IT-жобасы» атты ІХ бүкілресейлік байқауының лауреаттарын салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Аталған байқау 2009 жылдан бастап РФ Байланыс және буқаралық коммуникация министрлігінің қолдауымен ұйымдастырылып, жыл сайын IT саласындағы маңызды жобаларды анықтап келеді.

Әділқазылар алқасының бірауыздан шешімімен «Ембімұнайгаз» АҚ жобасы «Санды кен орын» номинациясы бойынша үздік деп танылды. Жеңімпазды іріктеу барысында ЕМГ ұсынған жоба жапондық Sumimoto корпорациясына (әлемдегі 200 ірі компаниялар қатарына кіретін) тиесілі «Престиж-интернет» ЖШҚ-ның ұңғымаларды радиожиілікпен жабдықтау, «Роснефть» ААҚ құрамындағы ірі мұнай өндіру компаниясы «РН-Юганскнефтегаз» ЖШҚ-ның «Санды кен алаң», жылына 9 млн. тонна мұнай өндіретін «Салым Петролеум Девелопмент Н.В» мұнай корпорациясының геологиялық модельдеу және басқа да жобалар бойынша басып озды.

Айта кетсек, «Ембімұнайгаз» АҚ 2015 жылдан бастап интеллектуалды кен орны жобасын «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-на қарасты Уаз кенішінде жүзеге асыра бастаған болатын. Нәтижесінде, өткен жылы кен орнынан мұнай артық өндіріліп, ол ұңғыма жұмыс режимін оңтайландыру және ұңғымаларды пайдалану коэффициентін арттыру есебінен орын алды.

Байқаудың статустықасы мен сертификаты осы шараға арнайы барған Компания өкілі, ЕМГ Өндірісті автоматтандыру және ақпарат технологиясы департаментінің директоры Болат Нысанбаевқа табыс етілді. Ембіліктер Болат Нысанбаев пен оның кәсіби білікті командасын беделді байқауда жеңіске жетуімен шын жүректен құттықтайды және Компанияның өндірістік қызметінің тиімділігін арттыруға қосқан үлестері үшін алғыс білдіреді!



Болат НЫСАНБАЕВ:

– Елбасы халыққа Жолдауында «Бірінші басымдық – экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы. Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет» деген болатын. Соған сәйкес, бастапқыда «ҚазМұнайГаз» ҰК-АҚ тапсырмасына сәйкес «Ембімұнайгаз» АҚ-мен Уаз кен орнының жер үсті инфрақұрылымын санды басқару моделі жасақталды. Ондағы

мақсат мұнай өндіруді арттырып, шығынды азайту, қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Үлкен өзіндікті, тыңғылықты дайындықты қажет еткен осы жобаны Ембі бойынша жүзеге асыруды қамтамасыз ету біздің департаментке, маған тікелей жүктелген болатын. «Уаз» интеллектуалды кенорны концепциясы» сынамалы жобасын енгізу туралы әңгіме басталысымен-ақ біз оны қуана қабылдадық. Өйткені, ол бізге жүктеліп отырған сенім ғой. Сондықтан командамызбен бірге жұмыла кірісіп кеттік. Оның ішінде,

геологтардың, мұнай өндірушілер, механиктердің де үлесі мол екенін айта кеткен жөн.

2015 жылдан бастап «Қайнармұнайгаз» мұнайгаз өндіру басқармасына қарасты «Уаз» кен орнында интеллектуалды кен орны концепциясы сынамалы жобасын өндіріске енгіздік. Жоба негізінде 32 ұңғымаға интеллектуалды, яғни цифрлық басқару станциялары орнатылған. Соған сәйкес кен орнындағы сол ұңғымалардың жұмысын қадағалап, диагностика жасау үшін қондырылған бағдарлама қашықтықтан технологтар мен геологтар компьютерлерінде ұңғыма сораптарының, құбыр бойы қысымы, яғни мұнай алыну процесінен бастап, оның судан, тұздан арылуы, пеште қыздырылуы, құбырмен Солтүстік Жолдыбай кенішіне айдалуына дейінгі сәттік бөрі мониторда көрініп тұрады. Бұдан басқа цифрлық жабдықтар мұнай өндіру технологиялық жүйесінде іске қосылған барлық нысандарға орнатылған. Уазда ұңғымалар бір-біріне жақын орналасқан, ол да жобаны жүзеге асыруға оң әсер еткені анық. Интеллектуалды ұңғымалар мәліметтерді үздіксіз өңдеп отыруды және жедел басқарып, шұғыл шешім алуды қамтамасыз етеді. Оның бөрі өндірістік, күрделі және пайдаланым шығындарын азайтуға ықпал етеді – бұл әлемдік тәжірибе жемісі. Осы жұмыстардың бөрі жоғары деңгейде жасалып, тиімділігі дәлелденгеннен кейін, министрлікпен мақұлданып, авторлық құқық берілді. Үмітіміз ақталды.

Әлемдік деңгейдегі компаниялардың жобалары ішінде біздің жобамыз аз уақыттың ішінде 10 үздіктің қатарынан табылуы Компанияның және біздің командамыздың зор жеңісі, басшылық сенімінің ақталуы мен еңбектің өтеуі. Бәрімізге де құтты болсын, қадірлі әріптестер, ембілік мұнайшылар!

ҰҢҒЫМАЛАРДЫ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫНА 45 ЖЫЛ!

➤ Биыл «ӨзенМұнайСервис» ЖШС үшін ерекше жыл. Мұнай өндірісінде бұл компания атқарып отырған қызметтің маңызы зор. Кәсіпорынның өндіріс үшін көрсететін қызметінің тарихы тереңде, әріден басталады.

Касиетті Маңғыстау түбегіндегі «Өзен» және «Қарамандыбас» кен орындарына ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарына биыл 45 жыл толып отыр. Деректерге тоқталсақ, 1972 жылы «Мангышлакнефть» Өндірістік бірлестігінің №134 З/УП-72 жылғы бұйрығы негізінде, «Узеньнефть» мұнайгаз өндіру басқармасының құрамында «Қабаттардың мұнай өнімділігін арттыру және скважиналарды күрделі жөндеу» басқармасы ашылып, іске қосылды. Ал, 1998 жылдың тамызында «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамын қайта құрылымдау кезінде, «Жөндеу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылды. 1997 жылдың қазан айында «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының жанынан «КРУЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылды. Мақсаты ұңғымаларды күрделі жөндеу үшін алынған қуатты шетелдік жаңа «КРЕМКО-80 Д» мобилді қондырғыларды іске қосу болды.

Ал, 2016 жылдың маусым айында «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен ҚМГ БӨ еншілес компаниялары «Жөндеу» ЖШС және «КРУЗ» ЖШС-ы «ӨзенМұнайСервис» ЖШС-ына біріктіріліп, ірілендірілген болатын. Ұңғымаларды күрделі және ағымдағы жөндеу саласында ұқсас қызметтер жүргізетін еншілес кәсіпорындарды біріктіру қосымша жұмыс көлемін алуға және компанияның нарықтағы ұстанымын нығайтуға септік етеді.

Бүгінде «ӨзенМұнайСервис» компаниясы ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарының өнімділігін және сапасын арттыру жолында қажырлы еңбек етуде. Компания сервистік қызмет көрсету саласында бәсекеге қабілеттілігін арттыратын жаңа технологиялар-



ды өндіріске енгізу жұмыстарын қолға алуда. Жаңа жабдықтау базасының құрылысын салу қарастырылған, бұл база жұмысшылардың еңбек жағдайлары мен еңбек сапасын жақсартады, жұмысты орындау мерзімін ұлғайтады және еңбек қауіпсіздігін жақсартуға, өндіріс мәдениетін көтеруге мүмкіндік ашады.

Компанияның қызметін бұдан әрі жетілдіру жөніндегі іс-шараларды анықтау мақсатында Даму концепциясы әзірленді. Оның аясында 2017 жылдың ішінде күрделі салымдардың көлемін ұлғайту қарастырылды. Бірқатар құрал-жабдықтар сатып алынады, атап айтқанда, 7 дана заманауи көтергіш қондырғы. Бұл қондырғылар ұңғыны жөндеудің тиімділігін

арттыруға және бос тұрыстарды азайтуға мүмкіндік береді.

Жаңа механикалық роторлар, сондай-ақ жөндеу жұмыстарының қауіпсіз жүргізу мақсатында жаңа технологиялық сорапты-компрессорлық құбырлар сатып алынады. Сонымен қатар, Даму концепциясы аясында ресейлік және шетелдік өндірушілердің жаңа үздік технологияларын өндіріске енгізу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында ұңғымаларды күрделі жөндеу шеберлері мен инженерлік құрамға арналған модульдік оқыту жүргізіліп, арнайы сертификаттар табысталды. Мұнай сервистік



еншілес кәсіпорындармен бірлесе отырып, заманауи әдіспен дөңкерлеушілер дайындау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстары одан әрі жалғаса береді.

«ӨзенМұнайСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қарқынды даму жолында болашаққа нық бағыт ұстанған компания. Озық технологияларды енгізу, еңбек өнімділігін арттыру, жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға ерекше назар аударып отыр. «Бірлік – біздің туымыз!» деген мақсатқа жұмылған ұжымның алдағы уақытта алар асулары мен бағындырар белестері жетерлік. Жетістіктерге қол жеткізу үшін ұжымның ауызбіршілігі арқасында «бір жағадан – бас, бір жеңнен – қол шығарып» жұмыла еңбек етуіміз керек.



Өткен күнде белгі бар...

Арада өткен 45 жыл аз уақыт емес. Сонау жарты ғасырға таяу уақыт бұрын елсіз, сусыз аймақтағы табиғаттың барлық қаталдығына төзіп, еңбек еткен Өзен кеншілерінің еңбегі ерлікпен тең. Бүгінгі өндіріс кешегі ардагер мұнайшылардың ерен еңбегімен салып кеткен даңғыл жолдың жалғасы. Бүгінгі буын оны лайықты жалғастыруда. Жұмысшылар өндірісті білектің күшімен, қайтпас қайсар-жігермен көтерді. Олар бүгінгідей еңбекке қолайлы жағдайды көрген жоқ. Әлеуметтік-тұрмыстық жағдай туралы айтудың өзі артық. Десе де жарқын еңбектің үлгісін көрсетті.

Ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарын, атап айтқанда, суланған қабатты оқшаулау, пайдалану колоннасының ақауын бекітудің

барлық түрлері, колонна сыртындағы цемент сапасын жақсарту, апаттың барлық түрлерін шығару, ұңғы бойын, түбін тазалау, жоғарғы қабатқа оралу, қабаттың мұнай және су қабылдауын арттыру, апаттың алдын алу жұмыстары және т.б. жұмыстарды қажырлы еңбекпен атқарды. «Жөндеу» және «КРУЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері мамандарының ерен еңбектері еленіп, марапат-құрметке бөленді.

1972 жылы «Мангышлакнефть» Бірлестігінің №134 З/УП-72 жылғы бұйрығына және Еңбек Қызыл Ту орденді Советтер Одағы коммунистік партиясының XXIII съезд атындағы «Узеньнефть» Мұнайгаз өндіру басқармасының 1972 жылдың 21 шілдесіндегі №97 бұйрығы

негізінде, 1972 жылдың 1 шілдесінен бастап «Қабаттардың мұнай өнімділігін арттыру және скважиналарды күрделі жөндеу» басқармасы іске қосылды. Сол жылы басқарма бастығы болып Коротинский Юрий тағайындалды.

Алдымен Узень учаскесі, Жетібай учаскесі және Узень учаскесінің өндірісті қамту базасы болып құрылды.

Узень учаскесінің 13 (он үш) скважиналарды күрделі жөндеу бригадаларымен жұмыс бастады. Алғашқы скважиналарды күрделі жөндеу бригадасының шеберлері: К.Минбаев, А.Айтмуханбетов, А.Н.Лифоренко, М.К.Карабалин, А.Б.Киримов, И.А.Перевозников, Н.Константинов, В.Топчиев, Е.Николушкин, П.Кочергин, В.Богуславский.

1995 жылдың 26 желтоқсанында, «Өзенмұнайгаз» өндірістік бірлестігінің 1995 жылдың 20 желтоқсанындағы №587 бұйрығы

негізінде «Жөндеу-дайындау» цехы, 1995 жылдың 20 желтоқсандағы №403 бұйрығы негізінде «Ер-Қосай» цехы «Өзен бұрғылау жұмыстары» басқармасы құрамынан шығарылып, «Қабаттардың мұнай өнімділігін арттыру және скважиналарды күрделі жөндеу» басқармасына берілді.

1998 жылдың 1 тамызынан бастап «Қабаттардың мұнай өнімділігін арттыру және скважиналарды күрделі жөндеу» басқармасы «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының «Жөндеу» жауапкершілігі шектеулі еншілес серіктестігі болып қайта құрылды. Сол жылдың 26 тамызынан бастап «Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының СҚКБ-1-ден ауыстыру арқылы серіктестіктің «Автотізбек» цехы ашылды. «Жөндеу» жауапкершілігі шектеулі еншілес серіктестігінің бастығы болып Садықов Марат тағайындалды.



баев Мұса басқарған КРУЗ-1 бригадасының ең алғаш № 5652 скважинасында 53 күн тұрып ақыры скважинаны күрделі жөндеуден алғаш шетелдік техникасымен ойдағыдай аяқтап бітіріп шықты. Қыстың суығына қарамай қайсарлықпен, шыдамдылық таныта отырып, өздерінің білікті маман екендіктерін дәлелдеді.

Мекеме бастапқы кезде 3 күрделі жөндеу бригадасымен үш дана «КРЕМКО-80 Д» қондырғыларымен іске қосылса, 1998 жылы 8 күрделі жөндеу бригадалары, ал 1999 жылы күрделі жөндеу бригадаларының саны 13-ке жетті. 2013 жылдан 2016 жылдың қазан айына дейін 18 күрделі жөндеу бригадаларымен жұмыс жасады.

Қазіргі таңда екі серіктестіктің бірігуінің арқасында скважиналарды күрделі жөндеумен айналысатын «ӨзенМұнайСервис» серіктестігі болып құрылып, күрделі жөндеу бригадаларының саны 45-ке жетті, барлығы да отандық ПАП-60/80 және ПАП 80/100 көтергіш қондырғыларымен жабдықталған.

1997 жылы «Өзенмұнайгаз» бірлестігінің жанынан құрылған «КРУЗ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, ұңғыларды күрделі жөндеу үшін алынған қуатты шетелдік жаңа «КРЕМКО-80 Д» мобильді қондырғыларды іске қосты. Серіктестіктің директоры болып тәжірибесі мол, Өзен кенорнына еңбегі сіңген майталман мұнайшы Орынбек Абишаев тағайындалды.

Алдымен тек қана ұңғымаларды күрделі жөндеу бойынша екі-ақ бригада жұмысын бастады. Сол кездегі КРУЗ-1 бригадасының аға шебері марқұм Сарсенбаев Мұса және көмекші шебер Сарыбаев Руслан және де КРУЗ-2 бригадасының аға шебері марқұм Сабиев Махы мен көмекші шебер Ұзақбаев Рамазан тағайындалды. Марқұм болған екі азамат та Сарсенбаев Мұса мен Сабиев Махы өз ісінің шебері, ойлаған мақсаттарына жетпей тынбайтын еңбекқор азамат жігіттер болды.

1998 жылдың қаңтар айынан бастап КРУЗ-3 бригадасы іске қосылды.

Сол кездегі КРУЗ-3 бригадасының аға шебері Муфтахов Хайрош және көмекші шебер Абишаев Сағидолла тағайындалған болатын.

Күрделі жөндеу бригадаларында екі шеберден тағайындаудың басты мақсаты – жүргізіліп жатқан әрбір жұмыстарды технологиялық жүйеде жіті бақылау еді. Аға шебер Сарсен-

Құттықтау

Құрметті еңбек ардагерлері және әріптестер!

Биыл біз үшін ерекше жыл. «Өзен» және «Қарамандыбас» кен орындарында ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарына 45 жыл толып отыр. Осынау мерекемен Сіздерді құттықтаймын.

Кешегі ардагер ағаларымыз өндірістің ауыр жүгін арқалап, сала қызметінің қазығын қақты. Бүгінгі буын мұнай саласындағы заманауи техникаларды қолданып, бұл жұмыстарды лайықты жалғастыруда. Уақыт бір орында тұрмайды. Біздің алдағы міндетіміз де осы жұмыстарды заман талабына қарай жетілдіру, биік белестерге көтеру. «ӨзенМұнайСервис» ЖШС – бәсекеге қабілетті, мықты мамандар шоғырланған білікті ірі кәсіпорынға айналып келеді.

Саланың дамуында Сіздердің ерқайсыңыздың маңдай тер, адал еңбектеріңіз көп. Баршаңызға зор алғысымды білдіремін. Болашақта да бірге өсіп-өркендей берейік. Мерейтой құтты болсын!

Ізгі ниетпен,

Нұрсейіт Союнов,

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС бас директоры



Жаңа тарих. Жаңа белестер. Жаңа жетістіктер..



жұмыс жасауда. Серіктестік автотізбегінде агрегат және қозғалтқыштарды жөндейтін, желімдеу, аккумулятор, аппарат және радиатор оңдайтын учаскелері бар.

«ӨзенМұнайСервис» ЖШС құрылғаннан кейін бұрынғы қос мекемеде болған, өндіріске кері әсерін тигізген кейбір мәселелер жойылып, есесіне өндірістік көрсеткіштер біршама артты. Бірікпес бұрын екі серіктестік бөлек жұмыс істейтін, дегенмен, тауарды сатып алу, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бірдей болатын, бірақ, баға айырмашылығы байқалатын еді. Енді барлығы орталықтандырылды. Қаржылық жоспар ортақ болған соң, уақыт пен қаражат үнемділігі де байқала бастады.

Көптеген бригадалар бұрғылау құбырларымен және экологиялық сыйымдылықтармен қамтылды. 2016 жылдың жарты жылдығымен салыстырғанда, 2017 жылы жөнделген ұңғымалар саны арта түсті, сонымен бірге бір скважинаға жұмсалатын жөндеу жұмысының орташа саны артты. 2016 жылдың алғашқы жартыжылдығында бір ұңғымаға жөндеу жұмысының орташа саны 2,57 жөндеу болса, 2017 жылы 2,96 жөндеуді көрсетті.

Мекеменің негізгі құндылығы – қызметкерлері! Еңбек адамына жағдай жасау, әлеуметтік қорғау жұмыстарын компания ұдайы назарда ұстайды.

Мақалаға «ӨзенМұнайСервис» ЖШС суреттері және материалдары пайдаланылды



Бүгінгі күні «ӨзенМұнайСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі өз қызметін сәтті жалғастыруда.

Мекеменің негізгі қызметі ұңғыларға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу. Яғни, бұрынғы қос қарлығаштай болған екі мекеменің ортақ ісін заңды түрде жалғастыру. «ӨзенМұнайСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бас директоры болып Союнов Нұрсейіт тағайындалды. Серіктестіктің скважиналарды күрделі жөндеу бригадалары ПАП-60/80, ПАП-100, УБП-100 көтергіш қондырғыларымен және қосымша техникалар Трал, АНРВ, КМУ, ПАРМ, су және жанар-жағармай техникаларымен қамтылған.

Сонымен қатар скважиналарды күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында бригадалар солақай-оңқай бұрғылау құбырларымен, техникалық құбырлармен, ДЭЛ-140 бақылау өлшеу аспаптарымен, гранит-65 гидравликалық кілттермен және де ауырлатылған бұрғылау құбырларымен, өртүрлі жаңа үлгідегі аулау, фрезерлеу құралдарымен және т.б. жабдықтармен, сонымен қатар GPS, ДУТ құрылғыларымен жабдықталған.

Қоршаған ортаны қорғау, экологиялық талаптарды сақтау мақсатында барлық бригадалар май тоғансыз әдіспен 2013 жылдан бастап



Мұнайшылар игілігіне — жаңа нысан!

Мұнай-газ өнеркәсібі қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында «Өзенмұнайгаз» АҚ, №3 МГӨБ-ына қарасты №60 Топтық қондырғының заманауи үлгісіндегі тұрмыстық-шаруашылық кешені бой көтеріп, мұнайшылар игілігіне берілді.



№3 МГӨБ-да 43 жылдан бері абыройлы еңбек етіп келе жатқан Сағыныш Қосанов «Жаңа нысанның салынуы көңілімізді көтеріп тастады. Заман талабына сай тұрмыстық-шаруашылық

кешені салып берген және өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарған «Кен-Құрылыс-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұжымына алғыс айтамыз», – дейді.

Айта кетейік, модульді ғимараттарды құрастыру үшін «Кен-Құрылыс-Сервис» мекемесі биыл арнайы сертификат алды. Қазіргі уақытта компания модульді ғимараттарды құрастыру бағытында қазақстандық тауар өндіруші қатарында.

«Кен-Құрылыс-Сервис» серіктестігі құрастырған тұрмыстық-шаруашылық кешенінің ерекшелігі автоматтандырылған басқару жүйесі орнатылған. Өрт немесе ғимаратқа газ толған кезде инженерлік-техникалық қызмет орталығына (ЦИТС) автоматты түрде тікелей хабарлайды және ғимарат ішіндегі ауаның

алмасу жүйесі қосылып адамдарды эвакуациялауды басқару жүйелері лезде дабыл қағады. Ғимараттың ауласына және ішіне қондырылған инновациялық бейне бақылаудың функционалдық мүмкіндіктері мол. Күзетілетін аумақтағы жазбаны және ағымдағы трансляцияны топтық қондырғының мұрағат орталығынан бөлек бір мезгілде инженерлік-техникалық қызмет орталығында (ЦИТС) қарай алатындай етіп жүргізіледі.

– Осы жақсы бастама болашақта жалғасын табады және үлкен жобаларға ұласады деген сенімдемін. Айтулы жобаны өткізуге атсалысқан, мекемеміздің мамандарына көп алғыс айтамын, – деді «Кен-Құрылыс-Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директоры Салтанат Ысқақов.

«Қаражанбасмұнай» АҚ

«Бір минутта жеңіске жет»


Вахталық ауысымда жұмыс істейтін мұнайшылар арасында түрлі сайыстар өткізіп тұру үзілмейтін үрдіске айналған. Спорттық сайыстармен қатар зияткерлік бәсекелер де снбеккерлердің ізденуіне, танымына, өзара қарым-қатынастарын нығайтуға септігін тигізіп отыр.

Қаражанбас кен орнында өткен «Бір минутта жеңіске жет» сайысы қызу тартысқа толы болды. 14 қатысушы арасындағы бәсеке көрермен қошеметіне бөленді. Жұмысшылардың бос уақытын көңілді өткізуге бағытталған шараның негізгі мақсаты – үздік ойыншыны анықтау. Сайыс барысында қатысушыларға он түрлі ерекше тапсырмалар берілді. Нақтырақ айтқанда, олар он сынақтан күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген қарапайым құралдардың көмегімен өтуі тиіс болды. Ептілік пен жылдамдық сынға түскен бәсекеде әр ойыншыға небары бір минут қана уақыт беріледі. Сонымен қатар, қосымша үш мүмкіндік те қарастырылды. Мәселен, ойыншы сынақтан межелі уақыттың ішінде өте алмаған жағдайда берілген бір мүмкіндігінен айрылады.

Үш мүмкіндікті де пайдалана алмаған жағдайда қатысушы үшін ойын аяқталған болып саналады. Ойынды әрі қарай жалғастырамын десе, әрине, өз еркі, алайда, шарт бойынша ол қатысушы жүлдеден тыс қалады. Сынақтан толық өткен жеңімпазға 100 000 теңге көлемінде ақшалай сыйлық берілетіні алдын ала хабарланды. Ойыншылардың тартысқа толы сайысында олардың ептілігімен қатар шыдамдылығы пен жылдамдықтары да сыналды. Сондай-ақ, тез ойланып, шұғыл шешім қабылдай білу қабілеттері де ескерілді. Сайыс қызығын Таңат Әбдин, Ерлан Батиханов (ӨАЦ), Елдос Әбдікерімов, Егор Миненко (ЭлЦех), Біржан Мүсімқұлов (№1 МӨЦ), Жанар Юсупова (БМТС), Мақсат Тоқсанбаев, Берік Сыдықов (№2 МӨЦ), Ерлан

Машырықов, Ербол Қарасаев (БӨЦ), Болат Басбаев (МДЖАЦ), Қазидолла Оразов, Ғани Нұрымов (ЖПЖИЦ), Әскер Бектіліев (ҚЖЦ) секілді жұмыскерлер қыздырды. Олардың арасынан Егор Миненко, Берік Сыдықов және Біржан Мүсімқұлов бес тапсырмадан соң сүрінсе де, сыйлық емес намыс үшін тырысып, ойынды одан әрі жалғастырды. Көп арасынан сегізінші тапсырмаға дейін жеткен Мақсат Тоқсанбаев өзінің жеңіске деген ерік-жігерін дәлелдей білді. Өкінішке қарай, Мақсат тоғызыншы тапсырмаға өте алмады. Осылайшы, қатысушылар арасынан барлық кезеңнен өткен ойыншы болмағандықтан, жеңімпаз анықталған жоқ. Қоғамдық шараға белсене қатысып, сайыстың қызықты өтуіне ат салысқан әріптестерге алғыс айтылды.





Бала тілегі – суретте!

Ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстарына 45 жыл толуына орай ұйымдастырылған мерекелік шаралар легі балалар арасында өткізілген сурет байқауымен жалғасты. Байқау «Өзенмұнайсервис» ЖШС қызметкерлері

балаларының арасында өткізілді. Балалар аталмыш мерекеге орай өз тілектерін қылқаламынан төгілген бояулары мен бейнелері арқылы жолдады. Байқауға 7-14 жас аралығындағы 11 үміткер қатысты. Нәтижесінде 10 жастағы Жағалбай Ақерке

есімді бүлдіршін I орынға лайық деп танылды. Ал II орынды Меңдібай Нұрхан есімді үміткер иеленді. Байқаудың III орнын 11 жастағы Айтбергел Мөлдір жеңіп алды. Байқауға қатысушы үміткер 10 жасар Қайрақбай Сұлтанбек өз туындысымен көрермен көзайымына ие болды.



Қайырымдылық шараларын өткізді

«Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзін көресің» демеуші, қыркүйек айында Жанаөзен қаласындағы «Өзенмұнайсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі бірқатар мұқтаж жандарға көмек көрсетті.

Скважиналарды күрделі жөндеуге 45 жыл толуына орай өткізілген қайырымдылық шараларында серіктестік қызметкерлері өз есебінен мүжәлсіз отбасылардың коммуналдық қызмет ақыларын төлеп берді. Сонымен қатар, жағдайы төмен он отбасыларын азық-түлікпен қамтамасыз етті.

«Мектепке жол» акциясы шеңберінде 16 оқушыға оқу құралдары және спорттық киімдер, қысқы киімдер мен аяқ киімдерді сыйға тартты. Және де «Өзенмұнайсервис» ЖШС-нде еңбек етіп, өмірден өткен қызметкерлердің отбасыларна да қаржылай көмек көрсетілді.

Айта кетерлігі, «Өзенмұнайсервис» ЖШС-де бұндай шаралар жиі өткізіледі. Жыл басынан бері серіктестік қолдауымен 10-ға жуық қайырымдылық акциясы ұйымдастырылған. Ұжым арасында бұндай игі істер алдағы уақытта да жалғасын таппақ.



МЕДИКЕР
Сіздерге қызметкермен!
Құрметті ембілік мұнайшылар!

«Медикер Жайық» ЖШС 2017 жылғы 15 қыркүйек пен 15 қараша аралығында көрсетілетін тегін медициналық көмектің кепілдікті көлемі шеңберінде 2018 жылға халықты тіркеу жұмыстарын жүргізеді.

2018 жылдың қаңтар айынан бастап көрсетілетін тегін медициналық көмектің кепілдікті көлемі шеңберінде тіркелген адамдар қолайлы жағдайда медициналық орталықтан сауықтыру қызметтерінің барлық түрлерін тегін пайдалануға мүмкіндік алады. Өзіңізді және жанұя мүшелерін Медикер Жайыққа қалай тіркеуге болады:

- 1) Арыз бланкісін толтыру (формаға сай)
- 2) Жеке куәлік көшірмесін тапсыру

Арызды қабылдау орны:

- «Ембімұнайгаз» АҚ медпункті
- «Медикер Жайық» тіркеу орны

Мекенжайы: Тұрғындар қалашығы м/а, Севастопольская көшесі, 10А

Анықтама үшін телефондар: 46-52-76; 46-52-95

Арыз бен жеке куәлік көшірмесін көрсетілген телефондарға жіберуге болады:

WhatsApp: +7 702 364 79 07
+7 702 451 77 90

немесе E-mail: Atyrau@mediker.kz

Отбасылық сайыс қызыққа толы болды

Скважиналарды күрделі жөндеу жұмыстарына 45 жыл толуына орай «Өзенмұнайсервис» ЖШС ұйымдастыруымен «Әке, ана және мен» көнілді старт ойыны өткізілді. Спорттық шарада мекеме қызметкерлерінің отбасылары сайысқа түсті.

Шарада мекеме басшылығы атынан сөз сөйлеген «Өзенмұнайсервис» ЖШС-нің бас директорының бірінші орынбасары Орынбек Тарғынов қызметкерлерді атаулы мерекемен құттықтап, жарысқа қатысушы спортшыларға сәттілік тіледі.

Қызметкерлердің отбасы жеке топ болып

өнер көрсеткен спорттық бәсекеде 4 отбасы бақ сынасты. Ойын 5 кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде әр топ шеңберден өту арқылы шапшаңдықтарын танытса, екінші кезеңде баскетбол добын соғу арқылы алаңға кіріп, допты нысанаға бағыттау арқылы мергендік қасиеттерін ортаға салды. Үшінші кезеңде спортшылар футбол ережесіне сәйкес ойын



көрсетіп, допты туралап қақпаға салса, төртінші кезеңде допты тепе-теңдікте ұстап отырып, бір аяғымен соғу арқылы ұлай жинады. Ал, байқаудың бесінші кезеңінде топ мүшелері кезегімен қапшықпен секіру арқылы белгіленген межеге жетіп отырды. Бұл кезеңде спортшылардың тиянақтылығы бағаланды.

Тартысты ойын нәтижесі бойынша Таңатаровтар отбасы жеңімпаз атанды. Ал, II орын Қалмұхановтар әулетіне бұйырса, III орынды Жұбановтар жанұясы иемденді.

Қаламқас Аманқосова,
Жаңаөзен қаласы





Кибер спорт түрінен 7 команда жарысты



«ӨМС» ЖШС қызметкерлері арасында кезекті спорт бәсекесі кибер спорт түрінен турнир ұйымдастырылды. Турнирде жеті команда бақ сынады.

Жарысқа арқау болған кибер спортының бес түрі бойынша жарысуға болады. Командалар соның ішінде кең тараған түрі «Counter strike» ойынын ойнап, шеберліктерін сынады. Жарысқа мекеме қабырғасында еңбек ететін жастар қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша Кудас Нұрбол жетекшілік еткен «№1 цех» I орынды қанжығасына байлады. II орынды Есказиев Серік бастаған «№3 цех» командасы иеленді. Үздік үштік қатарына Джанаалиев Бекболдың «№2 цех» командасы ілікті.

«ӨМС» ЖШС жас маманы және жарыстың бас төрешісі А.Тулкбаев №1 цех атынан құрылған команда үздік ойын көрсеткенін айтып, бұл спорт әлем елдерінде тек қана жастардың ғана емес, ересектердің де сүйікті ойыны екендігін тілге тиек етті. «ӨМС» ЖШС Жаңаөзен қаласы бойынша мекемелер арасында алғашқылардың бірі болып ауқымды кибер спорт турнирін ұйымдастырып отыр.



Бамперболдан бес команда ойын көрсетті

«ӨМС» ЖШС ұйымдастыруымен мекеме қызметкерлері арасында бамперболдан жарыс өткізілді.

Мекеме цехтары сынға түскен спорттық бәсекеде бес команда ойын көрсетті. Тартысты әрі қызықты өткен спорттық бәсекеде №2 цехтан шыққан команда ойыншылары ерекше ептілік танытып, үздік атанды. Және ойын барысында спорттық шараға белсене қатысқан әкімшілік басқарма командасы да осал емес екендіктерін көрсете білді.

Бампербол ойынының нәтижесі бойынша №2 цех I орынды иемденсе, II жүлделі орын әкімшілік басқарма намысын қорғаған командаға бұйырды. Ал жарыстың III орнына №3 цех ойыншылары табан тіреді.

Қаламқас Аманқосова,
Жаңаөзен қаласы

Мақалаларға «Өзенмұнайсервис» ЖШС суреттері пайдаланылды

СПОРТТЫҚ САЙЫСТАР мерейтой құрметіне арналды

Мұнай өндірісінде скважиналарды күрделі жөндеу қызметінің маңызы зор. Скважиналарды күрделі жөндеуге 45 жыл толуына орай Жаңаөзен қаласында бірқатар спорттық шаралар өтті.

Қыздар үстел теннисінен сайысқа түсті



10 қыркүйек күні «Өзенмұнайсервис» ЖШС бөлімшелері арасында үстел теннисінен жарыс өткізілді. Бұл спорт ойынында «ӨМС» ЖШС-нің әртүрлі бөлімінде қызмет ететін қыз-келіншектер қатысты. Мекемедегі белсенді спортшылар мен жанкүйерлердің басын қосқан спорттық шараны «ӨМС» ЖШС-нің бас директорының бірінші орынбасары Орынбек Тарғыновтың құттықтау сөзімен ашты.

Нәзік жандылар бақ сынасқан ойында ҚБЖЕТБ басшысы Г.Жакупова ерекше көзге түсті. Жарысқа

қатысушы А.Жолдыбаева мен Ә.Алдабергенова да ойын барысында асқан ептілік байқатты.

Мекемеге қарасты цехтар арасында өткен спорттық сайыста «ӨМС» ЖШС-нің әдіскері Мэлс Жүнісбаев қазылық етті. 6 спортшы қатысқан жарыс үш ойыннан құралды. Нәтижесінде, I орынды ҚБЖЕТБ бастығы Г.Жакупова қанжығасына байласа, II орынға ӘСЖШҚБ бастығы А.Жолдыбаева лайық деп танылды. Жарыстың III орнын СЖЛБ бастығының орынбасары Ә.Алдабергенова иемденді.

Футбол турнирінің жеңімпаздары анықталды

«ӨМС» ЖШС ұйымдастыруымен цехтар арасында футболдан турнир болып өтті. Ойын нәтижесі бойынша I орынды №1 цехтың атынан шыққан футбол командасы жеңіп алса, II орынға әкімшілік басқарма намысын қорғаған футбол командасы табан тіреді. Ал, ойынның III орнын №2 цех футбол командасы иемденді.

Цехтар арасында өткізілген футбол турнирінде үздік деп табылған ойыншылар команда болып топтасып, Жаңаөзен қаласындағы мұнай мекемелері арасында өткізілген қалалық турнирде «ӨМС» ЖШС намысын қорғады. Қалалық турнир скважиналарды күрделі жөндеуге 45 жыл толуына орай қыркүйек айының 11-15 күндері аралығында өткізілді. Спорттық шарада 15 команда бақ сынасты.

Тартысты бәсекеде «Бұрғылау» ЖШС-нің футбол командасы топ жарды. «ӨМС» серіктестігінің футбол командасы турнирдің II орнын қанжығасына байласа, III орынды №1 МГӨ басқармасының футбол командасы жеңіп алды.



Бильярд ойынынан турнир өтті

9 қыркүйек күні «Өзенмұнайсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұйымдастыруымен бильярд ойынынан турнир өтті. Шараға «Өзенмұнайгаз» АҚ-на қарасты мекемелер, «Бұрғылау» ЖШС және «Өзенмұнайсервис» ЖШС-нен 16 ойыншы қатысты.

Ойынның ашылу салтанатында «ӨМС» ЖШС-нің бас директорының бірінші орынбасары Орынбек Тарғынов мекеме басшылығы атынан құттықтап, ойында өнер көрсететін үміткерлерге жеңіс тіледі. Бильярд бәсекесінде «ӨМС» ЖШС қызметкері Ә.Боранбаев пен «Бұрғылау жұмыстары басқармасының» қызметкері Е.Буранбаев арасындағы ойын қызықты өтті. Аталмыш жарыс олимпиадалық жүйеге сай өткізілді. Сайыстың әділ өтуін «ӨМС» мекемесінің ұйымдастырушы алқасы қадағалап отырды.

Әр мекеменің үздіктері бақ сынаған ойында I орынды «ӨМС» ЖШС атынан қатысқан ойыншы Әскер Боранбаев иемденсе, II орынға «Бұрғылау жұмыстары басқармасының» намысын қорғаған спортшы Ержан Буранбаев табан тіреді. Ал сайыстың III орнын қаламыздағы №3 мұнай-газ өндіру басқармасының қызметкері Данияр Супағалиев иеленді.

Ұйымдастырушы «Өзенмұнайсервис» ЖШС сайыстың жоғары деңгейде өтуіне атсалысып, толықтай демеушілік етті. Айта кетейік, мұнай саласының қызметкерлері арасында бильярд турнирі «Өзенмұнайсервис» ЖШС-нің қолдауымен екінші рет өткізіліп отыр.

МЕНШІК ИЕСІ:

«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНДЕ
ЕСЕПКЕ ҚОЙЫЛЫП, № 6668-Г КҮӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

010000, Астана қаласы,
ҚАБАНБАЙ БАТЫР ДАҒҒЫЛЫ, 17 ҮЙ,
11 ҚАБАТ, 1102 БӨЛМЕ.

- ◆ ГАЗЕТ ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫНДАҒЫ АВТОР ПІКІРІ РЕДАКЦИЯНЫҢ КӨЗҚАРАСЫН ХАТІРМЕЙДІ.
- ◆ РЕДАКЦИЯ ОҚЫРМАН ХАТТАРЫНА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЙТАРМАЙДЫ.
- ◆ «МҰНАЙЛЫ МЕКЕН» ГАЗЕТІНДЕ ЖАРИЯЛАНҒАН МАТЕРИАЛДАР КӨШІРІЛІП БАСЫЛСА, СІЛТЕМЕ ЖАСАЛУЫ МІНДЕТТІ.
- ◆ ЖАРИЯЛАНҒАН СУРЕТТЕРДІҢ САПАСЫНА РЕДАКЦИЯ ЖАУАП БЕРЕДІ.

ШЫҒАРЫЛЫМДЫ ДАЙЫНДАУҒА ҚАТЫСҚАНДАР:

БАҚДӘУЛЕТ ТӨЛЕГЕН – B.TOLEGEN@KMGEP.KZ
ЖҰМАГҰЛ ТЕМИРҒАЛИ – ZH.TEMIRGALI@KMGEP.KZ
БИБІГҮЛ БӨБЕКБАЙ – P.SDSO@UMG.KMGEP.KZ
ЛАУРА СУЛЕЙМЕНОВА – L.SULEIMENOVA@EMG.KMGEP.KZ
ҒАЛИЯ ҚАРАЖАНОВА – G.KARAJANOVA@EMG.KMGEP.KZ
ҚОСҰЙЫМ МҰҚАШЕВ – K.MUKASHEV@EMG.KMGEP.KZ
АЛТЫНГҮЛ ӘЛІШЕРОВА – A.ALISHEROVA@KGM.KZ
ЖАҒАҒҮЛ СЕРІКОВА – ZH.SERIKOVA@KMGEP.KZ
ГҮЛЗИРА БЕКҚҰЛИЕВА – G.BEKKULIEVA@KMGEP.KZ

Байланыс телефоны: +7 (7172) 97 78 93

Эл.почта: MUNAILYMEKEN@KMGEP.KZ

Газет айына 2 рет шығады, Таралымы 5 000 дана

МЕРДІГЕР: «SAMRUK INVEST GROUP» ЖШС
Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы, 41-үй, 476 кеңсе.

Тел.: +7 (7172) 68 00 79

«Ақжар - АБК» ЖШС

Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17
Тел.: +7 (7132) 21 19 30